

## ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ЛОГОТИПТЕРІН ӨЗІРЛЕУГЕ АРНАЛҒАН КОНКУРС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақстан қалаларының логотиптерін өзірлеуге арналған конкурс Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығын мерекелеуге орайластырылған «Еңселі ел, мерекенмен! Поздравляем, страна!» ақпараттық науқаны шеңберінде өткізіледі.

**Конкурсты ұйымдастырушы** – Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің қолдауымен «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» ЗТБ.

### 2. Конкурстың мақсаты:

Отанға деген сүйіспеншілік пен сыйластық сезімін дамыту, қазіргі қазақстандықтардың өз қаласына, еліне деген қатыстылығын сезіну мақсатында заманауи айдентиканы жылжыту.

### 3. КОНКУРСАТЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- Қазақстанның мерейтойын салтанатты түрде өткізуге еліміздің халқын қатыстыру;
- қазақстандықтардың өз қаласына деген сезімін, оның мәні мен жекелігін көрсететін логотип арқылы көрсетуге шақыру.

### 4 КОНКУРСАТЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ

Конкурс 2011 жылғы 20 шілдеден бастап 20 қыркүйекті қоса алған кезеңде өтеді.

Конкурстың қорытындылары 2011 жылғы 20 қыркүйектен бастап 20 қазанды қоса алғанда жүргізілетін болады.

### 5. КОНКУРСАТЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

Конкурсқа заңды және жеке тұлғалар қатысуы мүмкін:

- суретшілер, дизайнерлер;
- дизайн-студиялар;
- жарнама агенттіктері;
- көркемөнер колледждері мен мектептері;

- сәулет, дизайн, бейнелеу өнері және тағы да басқа факультеттерде оқитын студенттер;
  - шығармашылық одақтары мен бірлестіктері;
  - сондай-ақ барлық мүдделі адамдар.
- Конкурсқа қатысу ашық және тегін.

Әрбір қатысушы жұмысқа қойылған барлық талаптарды сақтаған кезде 3 жұмысқа дейін қоюы мүмкін.

Конкурсқа шығарылған жұмыстар 2011 жылдың ішінде орындалуы тиіс.

Жұмыстар басқа конкурсқа қатысушылар болуы және жариялануы мүмкін.

Логотиптер тіркелмеуі тиіс.

## **6. КОНКУРСТЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ**

Өтінімдер конкурс ұйымдастырушысының [www.citylogo.kz](http://www.citylogo.kz) сайтына орналастырылады. Қатысушы жұмыстарын өз бетімен орналастырады. Материалдар конкурсқа электронды түрде беріледі және өтінімді беруге арналған арнайы нысанда [www.citylogo.kz](http://www.citylogo.kz) сайтына орналастырылады.

Өтінім өзіне мыналарды:

- логотипті;
- Конкурсқа қатысуға қажетті байланыс деректерін көрсете отырып, толтырылған нысанды. Осы мәліметтер көрсетілмеген жұмыстар конкурсқа жіберілмейді – әрбір конкурсқа қатысушы онымен байланысты ұстап отыруға мүмкіндік беретін түпкілікті ақпаратты көрсетуі тиіс;
- ұсынылған логотипті, сипатталған және көлемінде кемінде 300 баспа белгілері бар логотип дизайны бөлшектерінің құндылық мағыналы мазмұны таратып жазылған еркін нысандағы түсіндірме жазбаны қамтиды.

Электрондық түрде ұсынылмаған материалдар конкурсқа жіберілмейді.

Жұмыстар 2011 жылғы шілденің 20-нан бастап қыркүйектің 20-ын қоса алғанда Астана уақыты бойынша 23.59 қабылданады.

## **7. КОНКУРСТЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Конкурсқа мынадай жұмыстар қатысуы мүмкін – 20 қаланың логотипі:

- |                      |              |
|----------------------|--------------|
| 13 облыстық орталық: | 4. Қызылорда |
| 1. Қостанай          | 5. Ақтөбе    |
| 2. Орал              | 6. Шымкент   |
| 3. Ақтау             | 7. Тараз     |



- |                 |              |
|-----------------|--------------|
| 8. Қарағанды    | 4. Жезқазған |
| 9. Көкшетау     | 5. Екібастұз |
| 10. Петропавл   | 6. Семей     |
| 11. Павлодар    | 7. Қапшағай  |
| 12. Өскемен     |              |
| 13. Талдықорған |              |

7 шағын қала:

1. Рудный
2. Арал
3. Түркістан

Берудің кез келген техникасына рұқсат беріледі - санды форматқа қолдан жасалған эскиздерден 3D-рендерден бастап суреттемелерге дейін. Суреттеме конкурста қарау үшін JPEG немесе PNG форматта, мөлшері 700x700 px аспайтын және 72 dpi рұқсаты бар, RGB түрлі-түсті моделінде дайындалуы тиіс. Файлдың мөлшері 500 Кб аспауы тиіс. Суреттемелердің ең аз саны – 1, ең көбі – 3.

Логотип жеңіл оқылуы тиіс, өзіне біркелкі графикалық элементті және Конкурсқа қатысушы қала атауының шрифтік кескінін қамтуы тиіс.

Логотипті әзірлеу кезінде «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауарларды шығару орындарының атаулары туралы» 26.07.1999 N 456-1 ҚР Заңында жазылған талаптарды ескеру қажет.

#### **Бағалау критерийлері:**

1. Ұсынылған жұмысты орындаудың бірегейлігі, біркелкілігі, сапасы.
2. Ауқымдылығы. Логотиптің негізгі графикалық элементтері кез-келген мөлшерде айырып танылатындығын жоғалтпай – азаюына да, сондай-ақ артуына да жүргізілуі тиіс.
3. Бейімділігі. Логотиптің негізгі графикалық элементтері айырып танылатындығын жоғалтпай кез келген тасығышта және енгізудің кез келген тәсілімен көрсетуге жарамды болуы тиіс (қағаз бен картон, пластик, шыны және т.б.).

## **8. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

Конкурс екі кезеңмен өтеді:

### **1-кезең**

Осы Ереженің талаптарына сәйкес Конкурсқа түскен материалдар Конкурс төрешілерінің қарауына беріледі.

Конкурстың сараптау кеңесі Қазақстанның кәсіби дизайнерлерінен қалыптастырылады. Төрешілердің әрбір мүшесі жеке жұмыс істейді және Конкурсқа ұсынылған барлық жұмыстарды бағалайды. Дауыс беру нәтижелері бойынша шорт-парақ қалыптастырылады. (20 қаланың әрқайсысына 3 жұмысқа дейін, барлығы 60 жұмыс), ол Конкурс төрешілерінің қарауына ұсынылады.

## **2-кезең**

1-кезеңнің қорытындылары бойынша шорт-параққа енген жұмыстарды Конкурс төрешілері қарайды, ол 20 қаланың әрқайсысы бойынша жеңімпазды анықтайды.

Ескерту: сараптау кеңесінің мүшелері мен төрешілер мүшелері өз студиялары мен агенттіктерінің жұмысын бағалайды.

Конкурс төрешілері ұсынылған логотиптер дизайнерінен жеңімпазды таңдамауға және тиісінше сыйлықтармен марапаттамауға құқығы бар.

Сонымен қатар Конкурс сайтында «халықтық» дауыс беру өткізіледі. Осы дауыс беру қорытындылары бойынша жеңімпаз арнайы сыйлық алады.

## **9. ҚАТЫСУШЫНЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

Конкурсқа қатысушы өзі туралы Конкурсқа ұсынылған мәліметтер шынайы болып табылатынына кепілдік береді.

Конкурсты өткізу процесінде жұмыстардың авторлары жіберілген логотиптерді Сараптау кеңесінің, егер Конкурс төрешілерінің ұсынымдары болған жағдайда, пысықтауы қажет болады.

Конкурсқа жұмыстарды жіберу қатысушының осы Ережемен танысқандығының және Конкурсты өткізудің тәртібі мен шарттарына келіскендігінің растамасы болып табылады.

Конкурстың қорытындылары бойынша жеңімпаздар Ұйымдастырушыларға логотиптерді (қала логотипінің түрлі-түсті және монохромды шешімдерін) векторлық форматта (ai, eps, cdr) беруге міндетті, СМҮК түрлі-түсті моделі 5 (Бес) жұмыс күні ішінде.

## **10. АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР**



Конкурсқа осы жұмысты жіберген қатысушы Конкурсқа қатысатын жұмыстың авторлық құқықтарын сақтауға жауапкершілікті артады.

Конкурсқа өз жұмысын жібере отырып, авторлар Конкурс Ұйымдастырушыларына жіберілген материалдарды коммерциялық емес мақсатта (Интернетке, баспа басылымдарына, көрме стендтарына орналастыруға) пайдалануға автоматты түрде құқық береді.

Конкурстың қорытындылары бойынша жеңімпаздар зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелері ретінде логотиптерге қатысты жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтарды Азаматтық Альянсқа тегін беру туралы шарт жасасады.

## **11. ЖҮЛДЕЛЕР МЕН НАГРАДАЛАР**

20 бағалы жүлде (қалалардың әрқайсысы бойынша 20 жеңімпаз).

Конкурстың нәтижелері туралы барлық қатысушыларға электрондық почта арқылы хабарландыру жіберіледі. Конкурстың жеңімпаздары туралы мәліметтер Азаматтық Альянстың [www.civilsociety.kz](http://www.civilsociety.kz) порталында Конкурстың [www.citylogo.kz](http://www.citylogo.kz) сайтына және БАҚ-қа орналастырылатын болады.

Жеңімпаздар қала бойынша саяхатты, баспасөз конференциясын, көрмені, мастер-класты және тағы басқаларын қамтитын марапаттау салтанатына Астанаға шақырылатын болады.

Ұйымдастырушылар Конкурс қорытындыларын ескере отырып, егер жеңімпаз жүлдені алудан бас тартқан жағдайда, оны басқа қатысушыға беру құқығын өздеріне қалдырады.

Жүлденің ақшалай баламасы төленбейді.

## **12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

Жеңімпаздардың логотиптерін одан әрі жылжыту және жария ету мақсатында жобаны ұйымдастырушылар мынадай жұмыстарды жүргізуді жоспарлап отыр:

- Әкімдіктер, жарнама компаниялары, Қазақстан дизайнері мен веб-студиялары арасында жеңімпаз логотиптерді тарату;
- жеңімпаз логотиптерді барлық дүниежүзіндегі ертүрлі қалалардың логотиптері ұсынылған [www.CitID.net](http://www.CitID.net) сайтына орналастыру. Сайтта Астана, Алматы, Атырау және Теміртау қалаларының логотиптері орналастырылған;

## **13. БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ**

Конкурс Ұйымдастырушылары – Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің қолдауымен «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» ЗТБ.

Байланыс жасайтын адам – Ирина Бобкова, «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» ЗТБ акцияларының үйлестірушісі.

Тел. 8 (7172) 94-62-63

E-mail: [ira@civilsociety.kz](mailto:ira@civilsociety.kz)

Сайт мекенжайы: [www.citylogo.kz](http://www.citylogo.kz)